

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **Мұхан Исахан Баймұратұлының**

«622 жылы қабылданған «Мәдина Конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» атты диссертациялық жұмысы туралы отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Еліміз егемендік алғаннан кейін халқымыз ислам дінімен қауышуға мол мүмкіндік алды. Зерттеушілер үшін ислам діні тың тақырыпқа айналып, отандық баспалардан хадис, фикһ, ақида, тәпсір туралы көптеген еңбектер жарық көріп, оқырманның көзайымына айналды. Бірақ, шариғат мәселелерін қаузаған зерттеушілер исламдағы мемлекеттілік тақырыбына әлі қалам тартпаған еді. Ал бұл диссертация осы өзекті тақырыпты арнайы зерттеу өзегіне айналдыруымен зерттеп, исламдағы мемлекеттілікті жан-жақты ашумен құнды.

Мұхан Исаханның «622 жылы қабылданған «Мәдина Конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» атты диссертациялық жұмысы кіріспе, 3 бөлім, 9 параграф, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшадан тұрады.

Жалпы, диссертация 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» пайда болу негіздері мен тарихи алғышарттары, оның саяси, әлеуметтік, экономикалық, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, әскери, діни дүниетанымдық қабаттарын ашып көрсету, сондай-ақ, оның іске асу кезеңдеріндегі саяси үдерістер мен құқықтық реформаларды талдап, объективті шындыққа қол жеткізуді мақсат еткен. Осы тұрғыда диссертант өз зерттеу жұмысында көзделген мақсаттарды бағындырды деп толық айтуға болады.

Диссертант көрсетілген мақсаттарға сәйкес зерттеу жұмысында исламға дейінгі жаһилиет дәуіріндегі Араб жарты аралындағы діни, саяси, әлеуметтік ахуалға тоқтала келе, Хумейр, Хира, Кинди, Гассани секілді квази мемлекеттер мен өзге қалалардағы саяси бірлестіктер мен әскери-демократиялық қоғамда өмір сүрген көшпелі араб тайпаларының жай-күйіне, олардың ұстанымдарының жалпы сипаттамасын берген. Араб жарты аралындағы халықтарға Византия, Сасани, Хабашстан мемлекеттерінің жүргізген отаршылдық саясатын, ондағы саяси ахуалға діндер қаншалықты ықпал етіп отырғанын талдаған. Араб қоғамының әлеуметтік және мәдени тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктеріне де жан-жақты тоқталып өткен.

Диссертант Араб жарты аралына үлкен оң өзгеріс әкелген ислам дінінің пайда болуы кезіндегі пұтқа табынушы араб тайпалары мен мұсылман қауымының арасындағы қарама-қайшылықтың себептерін анықтап, екі тараптың арасындағы күрестерге толыққанды саралаулар жасаған. Хабашстанға екі дүркін жасалған көштің себептерін, алғашқы кезеңде мұсылмандық қозғалыстың жойылып кетпеуіне арабтардағы рулық

сананың ықпал еткенін ашып көрсете білген. Діни қозғалыстың бірте-бірте саяси сипат алуына негіз болған қажеттіліктерді де дәл анықтай алған.

Мұсылмандар алғашқыда пұтқа табынушыларға қарсы өз күштерімен қарсы тұрса, кейін Мұхаммедтің с.ғ.а қамқоршысы Әбу Тәліп қайтыс болған соң сырттан көмек іздеуге мәжбүр болады. Диссертант осы мәселеге тоқтала келе, I-ші және II-ші Ақаба келісімдерінің ислам мемлекетінің құрылуына тарихи негіз болғанын атап өтеді. Осы келісімдерде Мекке және Мәдина мұсылмандарының құпия әскери одағы құрылды. Одақтастар ислам дінін Мәдина қаласында дамытуға келісті. Яғни, мемлекет құрудың құқықтық баспалдақтары Ақаба келісімдерінен басталған болатын. Диссертант осы мәселені де қисынды дәлелдерімен жан-жақты саралаған.

Диссертацияның келесі сатысында «Мәдина конституциясының» әзірленуі, талқылануы, қабылдануы туралы зерттеушілердің көзқарастары, сондай-ақ, «Мәдина конституциясының» саяси, әкімшілік, әскери, қылмыстық, азаматтық және діни аспектілері талқыланған. Диссертант іздену барысында Еуропа зерттеушілерінің «Мәдина конституциясына» қатысты ой-тұжырымдарын зерделеген. Сонымен бірге, ислам зерттеушілерінің пікірлері және «Мәдина конституциясы» туралы 1951 жылы қабылданған «Карачи резолюциясының» мән-маңызына тоқталған. Осы 1951 жылы қабылданған «Карачи резолюциясының» консенсус (ижмағ) сипатына ие құжат екенін көрсеткен.

Диссертацияның келесі параграфында «Мәдина конституциясының» іске асу кезеңдеріндегі араб қоғамындағы саяси текетірестер мен халықаралық қатынастар арқау болған. Атап айтар болсақ, мұсылмандармен бірге «Мәдина конституциясын» түзген Қайнұқа, Нәдір, Құрайза яһуди тайпаларының сүргінге ұшырауының себептері, пұтқа табынушылармен арадағы Бәдір, Ұқұд, Ор, Хунайн соғыстары, яһудилермен арадағы Хайбар, христиандармен арадағы Мута, Думатул-Жандал, Табук соғыстарының себеп-салдарын жан-жақты талдаған. Сонымен бірге, Худайбия келісімі туралы және оның бұзылу себептері сараланып, бұл келісімнің діни қырларын ашуға тырысқан.

Мәдинадағы ислам мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіндегі әкімшілік, халықаралық, әлеуметтік, отбасылық, қылмыстық, міндеттемелік құқық саласындағы реформаларды да диссертацияның ерекше мазмұнына айналған. Диссертанттың әкімшілік саладағы әкім (амр), зекет жинаушы, сот (қады) жүйесі туралы қорытындылары мемлекеттілікті анықтайтын атрибуттар болса, ислам мемлекетінің халықаралық қатынастағы принциптерін анықтап көрсетуі сөз жоқ исламдағы мемлекеттілік ұғымының ерекшеліктерін айқындай алған. Ислам мемлекетінің қаржы жүйесі, экономикалық кіріс көздері, қылмыстық, міндеттемелік құқықтағы жаңалықтар да ислам мемлекетінде орын алған оң реформалар ретінде дәйектелген. Әсіресе, жаһилиет дәуіріндегі отбасы мен исламдағы отбасы институтын салыстырып, терең талдаулар жасаған.

«622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясында» бірнеше дін өкілдерінің бір мемлекетте қатар өмір сүріп, өзара құқықтық мәміле орнатып, Мәдина қаласының ішкі, сыртқы мәселелерін реттеуде бір-біріне ортақ міндеттер жүктейтін құқықтық келісімге қол жеткізген. Осы құжатта алғаш рет дінаралық диалогтың негіздемесі де қалыптасқан еді. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті де дінаралық диалогты қалыптастыру саясатын жүзеге асырып отыр. Яғни, «Мәдина конституциясы» қабылданған кезеңдегі араб қоғамындағы дінаралық келісімге негізделген хал-ахуалдың бүгінгі Қазақстанның жағдайымен белгілі бір ұқсастықтарының болуы зерттеудің зәрулігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда Мұхан Исаханның **«622 жылы қабылданған «Мәдина Конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»** атты диссертациялық жұмысы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Нұр-Мұбарак университетінің
проректоры, ф.ғ.д., профессор

Шамшәдин Керім

